Қазақстан Республикасы
«Азия Инжиниринг Групп»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

ASIA ENGINEERING GROUP

Республика Казахстан
товарищество с ограниченной
ответственностью
«Азия Инжиниринг Групп»

юр. адрес: г. Актобе, ул. Бр. Жубановых 298-17; офис: пр-т Санкибай-батыра 26 «Р» 3 этаж, 308 каб.
БИН: 100540015541, РНН: 061800296000; тел: +7(7132)742085
сайт: www.asiaeng.kz e-mail: asiaeng_group@mail.ru

№ 89
«25» 06 2018 ж.

«ҚР Қаржы министрлігі
Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің
Ақтөбе облысы бойынша ішкі мемлекеттік
аудит департаменті» РММ

«Азия Инжиниринг Групп» ЖШС-і ҚР Энергетика министрлігінің "Қазгидромет" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе облысы бойынша филиалы өткізген №2589283-1, №2589273-1, №2589142-1, №2589117-1, №2589073-1, №2588934-1, №2588370-1 конкурстары бойынша «Актобе ГенСтрой» ЖШС-ің арызына қарсылық.

Аталған конкурстарды ұйымдастырушының техникалық тапсырмасында:

№2589283-1 - «Ырғыз метеостанциясы ғимаратын газдандыру» конкурсы бойынша орындалатын жұмыс – ***«Жылыту жүйелерін және газ жүйесін толықтай монтаждауды қарастыру»***;

№2589273-1 - «Актобе аэрологиялық ғимаратын сумен жабдықтау» конкурсы бойынша орындалатын жұмыс – ***«Сумен жабдықтау, кәріс желісінің монтажын толықтай атқару»***;

№2589142-1 - «Новоалексеевка метеостанциясы ғимаратын газдандыру» конкурсы бойынша орындалатын жұмыс – ***«Жылыту жүйелерін және газ жүйесін толықтай монтаждауды қарастыру»;***

№2589117-1 - «Уил метеостанциясы ғимаратын газдандыру» конкурсы бойынша орындалатын жұмыс – ***«Жылыту жүйелерін және газ жүйесін толықтай монтаждауды қарастыру»;***

№2589073-1 - «Шалқар метеостанциясы ғимаратын сумен жабдықтау» конкурсы бойынша орындалатын жұмыс – ***«Сумен жабдықтау, кәріс желісінің монтажын толықтай атқару»;***

№2588934-1 - «Қарауылкелді метеостанциясы ғимаратын газдандыру» конкурсы бойынша орындалатын жұмыс – ***«Жылыту жүйелерін және газ жүйесін толықтай монтаждауды қарастыру»;***

№2588370-1 - «Қарабұтақ метеостанциясы ғимаратын газдандыру» конкурсы бойынша орындалатын жұмыс – ***«Жылыту жүйелерін және газ жүйесін толықтай монтаждауды қарастыру».***

Қазақстан Республикасы
«Азия Инжиниринг Групп»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

ASIA ENGINEERING GROUP

Республика Казахстан
товарищество с ограниченной
ответственностью
«Азия Инжиниринг Групп»

юр. адрес: г. Актобе, ул. Бр. Жубановых 298-17; офис: пр-т Санкибай-батыра 26 «Р» 3 этаж, 308 каб.
БИН: 100540015541, РНН: 061800296000; тел: +7(7132)742085
сайт: www.asiaeng.kz e-mail: asiaeng_group@mail.ru

Осы жоғарыда аталған конкурс бойынша жұмыстарға техникалық тапсырыстың 6-тармағында «Қажет болған жағдайда орындауға өлшеу және инженерлік іздестірулер», **қажет болған жағдайда** деп көрсетілген, яғни нақты керек екені көрсетілмеген. Сонымен қатар, орындалатын жұмыстар тек ғимараттың ішінде жүргізілетін жұмыстар, ғимарат ішінде орындалатын жұмыстарға **инженерлік іздестіру** қажет етілмейді, тек өлшеу жұмысы ғана жүргізіледі. Немесе ұйымдастырушының техникалық тапсырысында орындалатын жұмыстар ғимарат ішінде немесе сыртында екені нақтылап ашылып көрсетілмеген.

ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсанындағы № 648 бұйрығы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қағидасына сәйкес, бекітілген конкурстық құжаттаманың №2 қосымшасында техникалық ерекшелікке қол қойылып мөр соғылуы қарастырылмаған.

Бұдан басқа, конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасының 11-тармағына сәйкес, *растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін беру конкурстық құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті. Егер конкурстық құжаттамада тиісті материалдық және* ***еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген жағдайда, растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін бермеуге де болады.***

Осыған байланысты «Актобе ГенСтрой» ЖШС-ің арызында көрсетілген, яғни осы жоғарыда өткізілген конкурс бойынша инженерлік іздестіру жұмыстары, техникалық ерекшелікке қол қойылмаған және мөр соғылмағаны, ИТЖ болу керектігі туралы деректері орынсыз болып табылатындығын хабарлаймыз.

Директор **Джадиев С. К.**